

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



Элективті пәндер каталогы

7M05203-География

«География және экология» кафедрасы

№	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдер	ECTS
	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (БП)	
	ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ (ТК)	
	Кәсіби модуль	
1	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	
	<p><i>Мақсаты:</i> ғылыми жоспарлау және ізденістер саласындағы негізгі заңдарды, ұстанымдарды және үрдістерді меңгеру.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Қазақстанда және шетелде ғылыми жоспарлау мен зерттеулерді дамытудың негізгі бағыттарына шолу. Ғылыми географиялық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі. Географиялық зерттеулердегі танымның ғылыми әдістері. Магистрлік диссертацияның құрылымы мен мазмұнының негізгі элементтері.</p> <p><i>Қалыптасатын құзыреттіліктер:</i> географиялық процестер мен құбылыстарға ғылыми жоспарлау және мониторинг әдістерін қолдану.</p>	5
2	Табиғи-аумақтық кешенді жүйелі талдау	
	<p><i>Мақсаты:</i> табиғи-аумақтық кешенді жүйелі талдаудың негізгі бағыттарын теориялық және практикалық мәнімен танысу.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Табиғи-аумақтық кешенді жүйелі талдаудың теориялық негіздері, геожүйелерді зерттеудің әдістемелік тәсілдері және оларды тәжірибеде қолдану. Табиғи және табиғи-антропогендік жүйелердің функциялары мен маңызы. Техногендік әсер ету кезіндегі геожүйелерді басқару және қалпына келтіру әдістері. Табиғи-аумақтық кешенді жалпы талдау.</p> <p><i>Қалыптасатын құзыреттіліктер:</i> табиғи және табиғи-антропогендік жүйелердің функциялары мен мәнін аша біледі.</p>	5
3	Дүниежүзі елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің географиялық негіздері	
	<p><i>Мақсаты:</i> дүниежүзі елдері мен аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін талдау, бәсекеге қабілеттіліктің параметрлерін, индикаторларын және интегралдық көрсеткіштерін анықтау.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Дүниежүзі елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі қағидаттары, индикаторлары мен механизмі. Бәсекеге қабілеттілік түрлері. Елдердің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар. Қазақстанның сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі. Бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіштері мен индикаторлары, дүниежүзі елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің интегралдық көрсеткіштері. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша дүниежүзі елдерінің рейтингісі. Индекс бойынша әлем елдерінің салыстырмалы талдауы.</p> <p><i>Қалыптасатын құзыреттіліктер:</i> дүниежүзі елдері мен аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін талдау.</p>	5
	Кәсіби модуль	
4	Географиялық зерттеулердің теориясы мен практикасы	
	<p>Ғылыми зерттеудің негізгі ұғымдары. Географиялық зерттеулердің әдіснамалық негіздері. Табиғи және табиғи-антропогендік геожүйелер зерттеу нысаны ретінде. Физикалық-географиялық зерттеулер әдістерінің жіктелуі. Зерттеудің ландшафтық әдістері. Зерттеудің ұйымдастыру сұлбасы. Зерттеудің ландшафтық-геохимиялық, ландшафтық-геофизикалық әдістері. Қоршаған ортаның сапасын географиялық бағалау және нормалау.</p>	5
5	Жер геосфералары және адам әрекеті	
	<p>Атмосфераға адам әрекетінің әсері. Қазіргі климаттың мәселелері. Гидросфераға адам әрекетінің әсері. Жер үсті су мәселелері. Топырақ және жер ресурстарын геоэкологиялық мәселелері. Адам және литосфера. Адам және биосфера. Табиғи және техногендік жүйелердің геоэкологиялық аспектілері. Антропогендік ландшафт.</p>	5
6	Қазіргі заманның жаһандық мәселелері	
	<p>Табиғат және өркениет. Жаһандық мәселелер, олардың түрлері және өзара байланысы туралы түсінік. Адамзаттың өткен және қазіргі жаһандық мәселелерінің географиялық аспектілері. Шикізат, демографиялық, азық-түлік, экологиялық және басқа да мәселелер: шешу жолдары. Халықтың өмір сүру сапасының географиялық аспектілері. Қазіргі заманғы ғаламдық мәселелерді шешудегі географияның рөлі.</p>	5
	КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	
	ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ (ТК)	
	Жобаларды басқару	
7	Ғылыми жобаларды басқару	

<p><i>Мақсаты:</i> ғылыми жобаны іске асыру процесін ұйымдастыру мен басқаруда түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Қазіргі кезеңдегі ғылыми жобаларды басқарудың мақсаты мен міндеттері. Жоба типтерінің жіктелуі. Жобаларды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы. Жобаларды басқарудағы стандарттар. Жобаны іске асыру, мониторинг және бақылау. Жоба командасын қалыптастыру. Жоба менеджерінің функциялары. Ресурстарды басқару. Жобаның жабылуы. Жобаның табыстылық критерийлері.</p> <p><i>Қалыптасатын құзыреттіліктер:</i> ғылыми жобаны жүзеге асыру процесін ұйымдастыру және басқару.</p>	5
8	Жасыл экономика және тұрақты дамуды басқару
<p><i>Мақсаты:</i> жаһандану және оларды басқару жағдайында жасыл экономиканың даму үрдістерімен танысу.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Энергия, жасыл экономика. Жаңартылатын энергетика. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі. Экологиялық таза көлік. Қалдықтарды басқару. Тұрақты және тиімді органикалық ауыл шаруашылығын дамыту. Су ресурстарын және басқа да жаңартылатын ресурстар түрлерін ұтымды пайдалану.</p> <p><i>Қалыптасатын құзыреттіліктер:</i> «экологиялық қосымшасын», ресурстық тиімді технологияларды енгізу және бағалай білу.</p>	5
9	Географиялық ортаның құрылысы мен дамуының заңдылықтары
<p><i>Мақсаты:</i> географиялық ортаның құрылысы мен даму заңдылықтары туралы білімді меңгеру.</p> <p><i>Мазмұны:</i> Географиялық орта - қазіргі географияның басты ұғымдарының бірі. Уақыт пен кеңістікте дамитын ашық динамикалық жүйе. Қоғамның материалдық даму базасы. Географиялық ортаның функционалдық модификациясы. Табиғи-географиялық орта мен қоғамның өзара іс-әрекеті - маңызды әдіснамалық проблема.</p> <p><i>Қалыптасатын құзыреттіліктер:</i> географиялық ортаның дамуын болжау және сақтау үшін заманауи технологияларды қолдана білу.</p>	5
10	Қазіргі геэкономика және геосаясат
<p><i>Мақсаты:</i> орталық пен әлемдік периферияның геосаяси және геэкономикалық өзара қатынастары тұрғысынан жекелеген елдер мен аймақтардың даму мәселелерін талдау. <i>Мазмұны:</i> Геэкономиканың теориялық негіздері. Әлемдік экономиканың геээкономикалық қаңқасы. Қазіргі әлемдегі геосаяси процестер. Көпполярлы әлемдік құрылымға көшу кезіндегі геосаяси және геээкономикалық процестердің өзара байланысы. Әлемдік қауымдастық дамуының геосаяси сценарийлері.</p> <p><i>Қалыптасатын құзыреттіліктер:</i> геээкономикалық және геосаяси процестер заңдылықтарының географиялық негіздерін білу және дамуды болжау.</p>	5
	Географиялық процестер және олардың даму тенденциялары
11	ГАЗ жобаларды басқару
<p>ГАЗ жобаны басқару үдерісінің негізгі мазмұны мен құрылымы. ГАЗ жобаларды әзірлеу және енгізу үшін өлшемдер. ГАЗ жобаны басқарудың орны мен рөлі. ГАЗ жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі және бюджеттеуі. Халықаралық ГАЗ жобаны жүзеге асырудың әдістері мен технологиялары. ГАЗ жобаның өмірлік циклі. ГАЗ жобаның геокеңістік деректерін жүйелеу.</p>	5
12	Табиғатты пайдалануды аумақтық жоспарлау және басқару
<p>Аумақтық жоспарлаудың түсінігі және мәні. Аумақтық жоспарлаудың негізі ретінде аумақты кешенді бағалау. Табиғатты пайдалануды аумақтық жоспарлаудың негізгі аспектілері. Табиғатты пайдалануды басқару механизмінің негізгі құраушылары. Аумақтың табиғи-ресурстық әлеуеті. Су және топырақ-жер ресурстары, оларды орналастыру және пайдалану мүмкіндіктері. Жер қойнауы ресурстары, өсімдіктер ресурстары және жануарлар дүниесінің ресурстары, оларды орналастыру және пайдалану мүмкіндіктері.</p>	5
13	Жердің дамуы және географиялық заңдылықтар
<p>Жер Күн жүйесінде. Географиялық қабықтың дамуы. Энергия және зат айналымы. Географиялық қабықтың дифференциациясы. Ландшафт құрушы процестер. Космогониялық гипотезалар. Жердің ғаламдық эволюциялық теориясы. Мобилизм. Зоналық, азоналық және инразоналық заңы және олардың көрініс беруі. Секторлық.</p>	5
14	Геоконфликтология
<p>Геоконфликтологияның теориялық негіздері. Әлеуметтік география аясында геоконфликтология, саяси география және геосаясат ерекше географиялық бағыт болып табылады. Қазіргі саяси-географиялық зерттеулер: а) ғаламдық және аймақтық; б) жекелеген елдер; в) жекелеген аудандар мен қалалар.</p> <p>Территориялық қақтығыстар. Геоконфликтологияның қазіргі түсінігі.</p>	5